

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана Медицина университеті» КеАҚ	Хаттама №10
	«Денсаулық сақтау» саласы бойынша ОӘБ Жоғары білім беру секциясы	

**ХАТТАМА № 10**  
**«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» САЛАСЫ БОЙЫНША ОӘБ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ**  
**СЕКЦИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

Астана қ.

11 ақпан 2026 жыл

Отырыс форматы: онлайн

Басталу уақыты: 15:00

Қосылу сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/88495917528?pwd=SWKTHOIllyPMdd6OR3V5LWU0pjQw0lf.1>

Төраға: Досанова А.К.

Хатшы: Шакеева А.Р.

Қатысқандар: тізім бойынша (қосымшада)

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология» (ИМО) білім беру бағдарламалары бойынша базалық медициналық білім беру траекториясы аясында МЖМБС-қа енгізілетін өзгерістерді қарау және талқылау.  
Баяндамашы — С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ академиялық блок жөніндегі проректоры Қалматаева Ж.А.
2. «Фармация», «Мейіргер ісі», «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламалары бойынша базалық медициналық білім беру траекториясы аясында МЖМБС-қа енгізілетін өзгерістерді қарау және талқылау.  
Баяндамашы — «МУА» КеАҚ академиялық жұмыс жөніндегі проректоры Досанова А.К.
3. Денсаулық сақтау және денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарында тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлердің еңбекақысын айқындау әдістемесін талқылау.  
Баяндамашы — «КМУ» КеАҚ академиялық және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры Даулетқалиева Ж.А.

**Бірінші мәселе бойынша**

**ТЫНДАЛДЫ:** Қалматаева Ж.А., «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология» білім беру бағдарламалары бойынша интеграцияланған медициналық білім беру моделіне көшу шеңберінде МЖМБС және үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер енгізу жөніндегі жоғары оқу орындары арасындағы жұмыс тобының нәтижелерін таныстырды.

Аталған мәселелер белгіленді:

- МЖМБС-қа редакциялық және мазмұндық түзетулер енгізілді;
- терминология біріздендірілді (оның ішінде «интеграцияланған медициналық білім беру» тұжырымдамасына көшу);
- берілетін біліктілікке қатысты ережелер нақтыланды;
- оқу жылында 70 кредитке көшу ұсынылды;
- пәндер циклдері бойынша кредиттерді бөлу қайта қаралды;
- базалық білім беру мен интернатура арасындағы сабақтастық пысықталды;
- кәсіби стандарттарға (дәрігер-интерн мәртебесіне қатысты) түзетулер енгізу бойынша ұсыныстар дайындалды.

Талқылау барысында:

- оқуды жалғастырып жатқан білім алушылар үшін жаңа нормативтерге көшу тетігі;

- өтпелі ережелерді бекіту қажеттілігі;
- интернатураның құқықтық мәртебесі;
- интерн түлектерінің жұмыс орындарына қатысты тұжырымдамалар қарастырылды.

#### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. Ұсынылған материалдар негізге алынсын.
2. 70 кредит нормасы жаңа қабылданатын білім алушыларға өтпелі ережелерді ескере отырып қолданылсын.
3. Жұмыс топтары жобалардағы терминологияны толық біріздендіруді аяқтасын.
4. МЖМБС және үлгілік оқу жоспарлары келісілгеннен кейін ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне жолдансын.
5. Дәрігер-интерн мәртебесі мен құзыреттеріне қатысты заң жобасына ұсыныстар дайындалсын.

#### **Екінші мәселе бойынша**

**ТЫҢДАЛДЫ:** Досанова А.К., «Фармация», «Мейіргер ісі», «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламалары бойынша МЖМБС-қа енгізілетін өзгерістер туралы баяндады.

#### **«Фармация» БББ - Ұсынылды:**

- оқу жылындағы жүктемені 70 кредитке дейін арттыру;
- берілетін дәреже атауын нақтылау («фармация бакалавры»);
- қолданыстағы НҚА-дағы терминологияны түзету;
- біліктіліктерді ажырату: ТжКБ деңгейі үшін «фармацевт ассистенті» атауын бекіту.

#### **«Мейіргер ісі» БББ - Ұсынылды:**

- жылдық оқу жүктемесін 70 кредитке дейін арттыру;
- пәндер циклдері бойынша кредиттерді қайта бөлу;
- қашықтықтан оқыту форматына рұқсат беру:
  - бакалавриат деңгейінде 20%-ға дейін (практикалық дайындықсыз пәндер үшін);
  - магистратура мен докторантура деңгейінде 40%-ға дейін.

Қашықтықтан оқытуға қатысты ұсыныстарды қосымша құқықтық сараптамадан өткізу қажеттілігі атап өтілді.

**«Медициналық-профилактикалық іс» БББ -** Базалық білім беру мен магистратураны интеграциялау арқылы магистр дәрежесін беру мәселесі талқыланды. Жұмыс берушілер тарапынан тиісті профильдегі мамандарға сұраныстың жоғары екені атап өтілді.

#### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. Ұсыныстар пысықтауға қабылдансын.
2. «Фармация» БББ бойынша келісілген өзгерістер пакеті негіздемесімен ұсынылсын.
3. «Мейіргер ісі» БББ бойынша қашықтықтан оқытуға қатысты ұсыныстар нақты сараланып, қайта ұсынылсын.
4. «Медициналық-профилактикалық іс» БББ бойынша УМО РУМС атынан ҚР ДСМ-ге консолидирленген ұсыныс дайындалсын.

#### **Үшінші мәселе бойынша**

**ТЫҢДАЛДЫ:** Даулетқалиева Ж.А., интернатура және резидентура бойынша тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары мен тәлімгерлердің еңбекақысын айқындау әдістемесінің жобасын таныстырды.

Негізгі ережелер:

- тәлімгердің лауазымдық айлығын базалық оклад пен коэффициенттер арқылы есептеу;
- 0,5 мөлшерлемеден аспайтын қосымша жұмыс істеу;
- бір тәлімгерге шаққандағы білім алушылар санының қолданыстағы нормативтерін сақтау;
- қаржылық нормативтермен сәйкестендіру қажеттілігі.

Талқылау барысында:

- қосымша экономикалық сараптама жүргізу;
- мейіргер ісіндегі тәлімгерлік мәселесін бөлек қарастыру;
- әдістемені УМО РУМС шеңберінде келісу қажеттілігі атап өтілді.

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. Әдістеме жобасы негізге алынсын.
2. Құжат жоғары оқу орындарына ескертулер ұсыну үшін жолдансын.
3. Жоба пысықталып, УМО РУМС қарауына ұсынылсын.
4. «Мейіргер ісі» бойынша жұмыс тобы тәлімгерлікке қатысты жеке ұсыныстар ұсынсын.

**Отырыстың қорытындысы**

- Жұмыс топтары жобаларды белгіленген мерзімде аяқтасын.
- МЖМБС және УОЖ келісілгеннен кейін ҚР ДСМ-ге жолдансын.
- Өзге НҚА белгіленген тәртіппен РЦРЗ-ды тарта отырып жолдансын.
- Келесі қарау УМО РУМС отырысында жоспарлансын.

**Төраға:**  
**Хатшы:**



**А.К. Досанова**  
**А.Р. Шакеева**